

1. Жалпы ереже

1. Төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімі (бұдан әрі - Бөлім) Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігі төтенше жағдайлар Комитетінің Астана қаласы төтенше жағдайлар Департаментінің (бұдан әрі - Департамент) табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мәселесі бойынша мемлекеттік саясатты іске асыратын құрамалық бөлімшесі болып саналады.

1.2. Бөлім өзінің қызметін іске асыру барысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді, сонымен қатар осы Ережені басшылыққа алады.

1.3. Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі бекіткен Департаменттің штаттық тізіміне сәйкес Бөлімнің құрамы және штаттық саны белгіленеді. Бөлімнің бастығының және қызметшілерінің қызметтік нұсқамасы Департаменттің бастығымен бекітіледі.

1.4. Бөлімнің құрамында бастығы және төрт бас маманы бар.

2. Бөлімнің негізгі міндеті және функциясы

2. Міндеті: табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың мәселесінде мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, азаматтық қорғаудың мемлекеттік

жүйесінің қызметін қамтамасыз ету және ары қарай дамыту.

Функциясы:

1) төтенше жағдайлардың алдын алдын алу мәселесін мемлекеттік

саясаттың негізгі бағытында дайындау;

2) Төтенше жағдайлардың алдын алдын алу мәселесінде нормативтік –құқықтық актілерді дайындауда ұсыныс енгізу(сұранысқа байланысты);

3) Министрліктің Стратегиялық жоспарының мақсатты өлшеміне жету бойынша Департаменттің жұмыс жоспарында қаралған іс-шараларды қалыптастыру және дағдыда қолдануды іске асыру;

4) Төтенше жағдайларды алдын алдын алу мәселесінде азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің қызметін қалыптастыру және ары қарай дамыту;

5) Бөлімнің құзырына жататын төтенше жағдайлардың алдын алу және жою Ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның отырысына материалдар және хаттама шешімінің орындалуы туралы ақпарат дайындау;

6) Астана қаласы әкімдігі төтенше жағдайлардың алдын алу және жою қалалық комиссиясының жұмысын қамтамасыз ету;

7) Төтенше жағдайларда шаруашылық объектілерінің тұрақты жұмыс істеуінің кешенді іс-шараларын дайындау;

8) Министрліктің Алқа отырысына материалдар, сонымен қатар бөлімнің жұмысына қатысты қаулылардың орындалуы туралы ақпаратты дайындау;

9) Жергілікті атқарушы органдармен («Қазселденқорғау» ММ филиалымен) халықты және шаруашылық объектілерін сұтасқынынан қорғау бойынша жүргізілген шаралардың сараптамасы;

10) Төтенше жағдайлардың алдын алу мәселесінде халықты, жауапты тұлғаларды және мекеменің қызметкерлерін оқытуды, насихаттауға қатысу;

11) Техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша жергілікті мемлекеттік органдардың бөлімшелерімен біріге әрекет ету және қолданған шараларға сараптама жасауды ұйымдастыру;

12) Жергілікті атқарушы мемлекеттік органдардың бөлімшелерін, халықты және мекемелерді төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары бойынша ақпараттандыруды ұйымдастыру;

13) Қауіпті табиғаттық қабылыстарға, техногенді сипаттағы төтенше жағдайларға және олардың болжауына мониторинг жүргізетін мекемелермен өзара әрекет ету;

14) Департаменттің құрылым бөлімшелері мен аудандық бөлімдердің қызметін төтенше жағдайлардың алдын алу мәселесінде үйлестіру;

15) Төтенше жағдайлар мәселесінде әлемдік тәжірибені оқып үйрену;

16) Бөлімнің атқаратын жұмысына қатысты ережелер және стандарттар, нормативтерді келісу;

17) Төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша жүргізілген шаралар

туралы есепті белгіленген уақытта Департамент басшылығына ұсыну және есеп беру;

18) Төтенше жағдайларды алдын алу мәселесі бойынша Әкімдіктің

резервінен қаржы бөлуші қарастыруға ұсыныс жасау;

19) Қала аумағының Қауіпсіздік қыжатын және табиғи және

техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар қаупі Каталогін дайындауды және оларды Комитет, Департамент басшылығына келісімге және бекітуге ұсынуды іске асыру;

20) мемлекеттік органдармен және мүдделі мекемелермен төменгі

мәселелер бойынша өзара әрекет етуді ұйымдастыру:

- табиғи қауіпті қыбылыстар пайда болғанда аймақтарды және

учаскілерді, ошақтарды табу және мониторинг жүргізу;

- су тасқынына ұшырайтын аумақтар мен учаскілердің есебін

жүргізуді;

- қауіпті сутасқыны, плотина жарылуы болу мүмкін жағдайда

өсімдіктер мен жануарлардың қауіпті ауруға ұшырауы мүмкін учаскілерді, аймақтарды, ошақтарды табу, есебін алу және мониторинг жүргізу.

3. Қысы және жауапкершілігі

3. Департамент басшылығына төтенше жағдайлардың алдын алу мәселесі бойынша бөлімнің қызырына жататын ұсыныстарды қарауға жіберуге;

3.1. Департаменттің бастығының отырыстарына және де басқа жиналыстарға бөлімнің қызырына жататын мәселелер бойынша қатысуға;

4. Бөлімнің қызметін ұйымдастыру

4. Казакстан Республикасы Президентінің актілеріне, заңнамалық актілеріне, Казакстан Республикасының басқару қысымында қыққытық нормативті актілеріне сәйкес озінің негізгі міндетін және функциясын іске асыру үшін Болімнің оқілдік қықы бар.

4.1. Казакстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша Департаменттің бұйрығымен тағайындалатын және босатылатын Болімнің басшысы болімді басқарады.

4.2. Болім басшысы озінің функциясын іске асыру және болім міндетін орындау үшін тікелей жауапты және болімнің қызметін басқарады.

4.3. Бұл үшін болімнің бастығы:

1) болімнің бас мамандарының қызметі мен міндетін белгілейді;

2) Казакстан Республикасы Президентінің актілері және заңнамасына сәйкес басқару да оқілдікті іске асырады.